



ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Интернеттің артықшылықтары мен
кемшіліктері





Заманауи өмірді интернетсіз елестету мүмкін емес. Біреулер бүкіләлемдік желіні жұмыс үшін, біреулер оқу үшін, ал басқалары көңіл көтеру үшін пайдаланады. Интернет біздің өміріміздің барлық саласына еніп үлгерді. Адамдар үйде отырып-ақ ақша табатын болады деген нәрсе бірнеше жыл бұрын біздің ойымызға да келмеген еді. Бірақ кез келген «құбылыстың» оң және теріс жақтары бар. Интернеттің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

Интернеттің артықшылықтарына келесілер жатады:

1. Жылдам ақпарат алмасу. Біздің ата-аналарымыз бір-біріне өз адресатына бірнеше айлап жететін хаттар жазысатын. Қазіргі таңда электронды пошта арқылы хат жіберу бірнеше секунд қана уақыт алады.

2. Нақты уақытта қарым-қатынас жасау. Дәл осы мәселе нақты уақыттағы қарым-қатынасқа, бейнебайланысқа және т.с.с. да қатысты. Біз Интернеттің көмегімен басқа елдердегі, құрлықтардағы адамдармен байланыса аламыз.

3. Ақпаратқа жылдам қол жеткізу. 20 жыл бұрын қандай да бір ақпаратқа қол жеткізу үшін кітапханада сағаттап отырып, ондаған кітап оқу керек болатын. Бүгінгі күні бұл жұмысты Сіз үшін Google немесе Яндекс бірнеше секунд ішінде ғана орындайды. Сіз электрондық энциклопедиялардан кез келген тақырыптағы медиа материалдарды ала аласыз. Бұл бейне және аудиопрезентациялар да болуы мүмкін. Кез келген материал толықтай ашып түсіндірілген және қандай да бір затты мұқият зерттеуге тамаша мүмкіндіктер бар.

4. Интернеттің ауқымды мүмкіндіктері. Бүкіләлемдік тор бізге көптеген істерді үйден шықпай-ақ атқаруға мүмкіндік береді. Компьютерлік технологиялар қашықтан білім алуға жағдай жасайды, бұл мүгедек балалар үшін үлкен артықшылық болып табылады. Ақша табуға болады. Банктерден несие алуға, шоттарды төлеуге болады. Осының барлығын үйде отырып-ақ орындауға болады, бұл уақытты өте жақсы үнемдейді. Дүкенге барудың қажеті жоқ, виртуалды дүкендер бар, досыңызға құжат алу үшін барудың керегі жоқ, ол оны электронды поштамен жібере алады және т.с.с. Бүкіләлемдік тордың арқасында көптеген жұмыстарды барынша жылдам атқаруға болады.

Қазіргі таңда Интернет жаһандық желісінде онлайн тәртіпте білікті құқықтық немесе медициналық көмекті тегін алуға, кеңсенің көшуіне тапсырыс беруге немесе өзіңізге жаңа жұмыс іздеуге болады.

Алайда жоғарыда айтылғандай, кез келген «құбылыстың» оң және теріс жақтары бар.

Интернеттің кемшіліктеріне келесілерді жатқызуға болады:

1. Біз шынайы қарым-қатынасты азайттық.

Интернет біздің адамдармен жасайтын тірі қарым-қатынасымызды азайтты. Біз оның достарымызбен серуенге шығуға немесе кітап оқуға болатын қаншама уақытымызды қалай жұтып жатқандығын байқай бермейміз. Авторлық құқықтың жаппай бұзылуын айтпағанның өзінде біз Интернеттен қаншама нақты емес әрі жалған ақпарат аламыз.

Қазіргі таңда жастар көп жағдайда әлеуметтік желіде араласады, ал бұрынғы кезде көшеге шығып, бір-біріне суреттерін виртуалды емес, шынайы әлемде көрсететін. Әлеуметтік желісіз өмір мүлдем басқа, қызықты болатын.

2. Білім деңгейі төмендеуде.

Егер бұрын барлығы кітаптардағы мақалаларды көшіруге мәжбүр болса, қазір CTRL+P батырмаларын бассаңыз болды, рефератыңыз қағазда тұрады және ол сайттан көшірілген, басқа біреудің рефераты болады. Әрине, көптеген жастар тиісінше білім алмайды.

Бүкіләлемдік Желі бізді сыпайы келіспеушілік Өнерінен ажыратты. Желіде қалайша сыпайы әрі әдепті түрде пікір таластыру керектігі жайлы көптеген материалдар болса да, талқылауға арналған алаңқайлар санының өсуі диалог сарынының жалпылай шиеленісуіне алып келеді. Басқаларға тіл тигізуге құмарлық көпшілік жандар үшін әдеттегі нәрсеге айналды. Интернеттің пайда болуымен адамдар тірі қарым-қатынас жасауды ұмытты.

3. Жалған ақпарат.

Желідегі ақпараттың растығын кім тексереді? Ешкім, яғни Сіздің алған ақпаратыңыздың жалған болып шығу ықтималдығы жоғары, мұның салдарлары да жоқ емес.

Бүкіләлемдік Желі бізге дисктер мен альбомдар тыңдауды толықтай ұмыттырды.



Интернет әлемі – бұл фрагмент патшалығы: YouTube-тағы бір бейнежазбаның, бір әуеннің, бір фильмнің үзіндісі. Бір орындаушының әнін тыңдауды бастап, екіншісіне оңай ауысып кетеміз.

Бүкіләлемдік Желі бізге Қағаз хаттарды ұмыттырды. Егер Сіз қатысушылар бір-біріне хат жазатын клубқа мүше болмасаңыз, онда досыңыздан соңғы рет қашан хат алдыңыз? Өткен ғасырда ма?

Бұрынғы кезде хаттар ұзақ әрі терең ойланып барып жазылатын, кей кезде ол бірнеше күнге созылатын және оның жауабын бірнеше аптаға дейін күтетін. Ал бүгінгі күні саусақты сәл ғана қимылдатамыз да, жарты сағаттан кейін айтқанымызға өкінетін сөздер Интернет-арна жылдамдығымен киберкеңістікке сапар шегеді.

4. Бүкіләлемдік Желі бізге география жайлы білімді ұмыттырды.

GPS пен Интернет-карталар бізді көшелерді, жолдарды, бағыттарды есте сақтаудан құтқарды, олар электр қуаты бар кезде жұмыс жасап тұрады – адасып кету қиынға соғады.

5. Бүкіләлемдік Желі бізге Жалғыздықты ұмыттырады.

Ұялы телефоныңыз бен Интернетті өшіріп, екі-үш күніңізді отбасыңызға арнап көріңізші. Телефон мен компьютерді қайта қосқан кезде Сіз жүздеген қабылданбаған хабарламалар мен наразылықтарды көресіз.

6. Интернет бізді шынайы өмірдегі танысу мүмкіндігінен айырды.

Қазіргі таңдағы кездейсоқ танысулар көп жағдайда «Сені фейсбуктан қалай тапсам болады?» немесе «Интстграмнан ше?» деген сұрақпен аяқталады. Tinder біз үшін барлығын орындайды, біз бірінші болып жазуға ұялатын сәйкестіктерді таңдайды немесе біз әлеуетті жұп аккаунттарына алдын-ала бақылау жасаймыз. Біз тәуекелге бел бууды азайттық. Атақты кино қаһарманы айтқандай: біз соқыр тәуекелшілдік рухын жоғалттық.

7. Интернет бізге смартфонсыз кездесуге мүмкіндік бермейді.

Бүгінгі күні көзге елестету қиын болса да, бұрынғы кезде достарыңызбен болған отырыс немесе әңгімелер қасыңызда отырған адамның гаджетін Сіздің көзіңізше шығарып алып, ол жердегі басқа нәрсеге үңіліп отырып қалуымен тоқтап қалмайтын. Біздің бір-біріміздің өміріміздегі орнымыз елеулі болатын, кездесу барысында талқылайтын тақырыптар жетіп артылатын. Себебі ол кезде мессенджерлер болған жоқ.

8. Интернет бізді құпиялылықтан айырды.

Кешкі уақыт. Сіз терезенің алдында түнгі аспанға қарап, қарабайыр романтикалық комедиядағы сияқты ол жайлы ойлап отырсыз. Ол қазір не істеп жатыр? Кітап оқып отыр ма? Асүйде достарымен шай ішу үстінде ме? Ертең айтып беретін қандай да бір қисынсыз ерлік жасап жатыр ма? Белгісіз. Қазір мұндай жұмбақ жоқ: сіздер соңғы рет түсте хабарлама алмастыңыздар, ал қазір ол қытай мейрамханасына барып, Instagram-ға жаңа күнге қарсы көзілдірікпен түскен селфи салды, әрі қарай фейсбукте бір ай бұрын бармақ болған кешке (әрине, Сізді де оған шақырған) репост жасады. Қызықсыз.

Кешкі алты-жеті. Жұмыс күнінің ресми түрде аяқталуы. Әріптестеріңмен қоштасып, үйіңе жол тартасың, достарыңмен кездесуді немесе үйде кітап оқып, сериал көру арқылы тамаша уақыт өткізуді қалайсың. Бірақ кенеттен фейсбук мессенджеріне шұғыл сұрақ келеді, поштаға таңға дейін күттіруге болмайтын хат келеді, сондай-ақ тағы бірдеңені тексеріп, біреуге жауап жазу керек. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер бізді ұстап беріп, желіге, Instagram-сторизге соңғы рет қашан кіргенімізді ашып береді.

Ал Сіз желіде отырып, біреудің хабарламасына жауап бермейтін әлеуметтік жағдай жай қалжыңдасудың сылтауы ғана емес, әлеуетті мәселеге айналды: мұндай елемеушілікті әйтеуір бір күні қалай да түсіндіру керек. 10 жыл бұрын жағдай мүлдем басқаша еді: кеңседегі компьютерді өшірген соң жұмыс күнін шынымен де аяқтауға болатын. Фейсбук пен «ВКонтакте» де ол кезде кімнің қашан соңғы рет онлайн болғанын жазбайтын.

9. Интернет бізді үйден шығу себебінен айырды.

Қазіргі таңда егер жақсылап тырыссаңыз, жылы ұяңыздан шықпай-ақ қоюыңызға болады. Азық-түлік, техника, ауыз су, маникюр, кітаптар, сыйлықтар, әртүрлі қызметтер – мұның барлығына қазір интернет арқылы жеткізіп беруімен тапсырыс беруге, сайтта картамен төлем жасауға және жай ғана курьерді күтуге болады. Бұл ыңғайлы болса да, бізді шынайы әлемнен барынша алыстатады, ол онсыз көп қалған жоқ.



10. Интернет бізді өз басымызбен ойлау мүмкіндігінен айырды.

Қандай да бір келеңсіздік орын алған жағдайда, әрдайым мессенджерге кіріп, онлайн біреуді тауып алып, оған шағымданып, ішіңздегіні ақтарып, тіпті, психологиялық көмек те алуға болады. Бұл бізді әлсіздендіріп, өмір сынақтарының алдында жұмсарта түсті.

11. Интернет адамды идеал әлемге әкетеді. Мұның салдары адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың жалғыз дұрыс, түсінікті және қолжетімді жолы ретінде «идеал әлемге» толықтай кетіп қалуы болуы мүмкін.

«Жаңа шынайылыққа» аддиктивтік ұмтылыс, ол жерде әрдайым болуды қажетсіну бірнеше себептерге байланысты туындауы мүмкін. Тірі адам қарым-қатынасының болмауы. Білікті қарым-қатынастың болмауы. Сексуалды қанағаттанбаушылық. Шынайы әлемнен көңілі қалу, яғни шынайы әлемнің емес, «жаңа шынайылықтың» ережелерін, қағидаларын, ұйғарымдарын артық санау. Шынайы өмірдегі өз ресурстарының, мүмкіндіктерінің сұранысқа ие болмауы. Бос уақыт мәселесі. Әлеуетті тәуелділерде Интернет-тәуелділіктің қандай белгілері пайда болуы мүмкін? Онлайн тәртіпте шамадан тыс уақыт өткізу, көңіл күйі мен өмірлік қуатының Интернетте отырған уақытына тәуелділігі, «виртуалды» таныстарға қатты құмарту, адамда мүлдем жаңа шартты рефлекстердің пайда болуы. Мұндай тәуелділіктің салдары қандай болуы мүмкін? Шынайы тұлғаның бұзылуы, психикалық аурулар, әлде керісінше бұл зейіннің дамуының жаңа деңгейі болуы мүмкін бе?

Сіз үшін Интернет деген не? Біз мұнда достарымызбен араласамыз, соңғы жаңалықтармен танысамыз, білім аламыз, оқимыз, әуен тыңдаймыз, бізді қызықтыратын сұрақтарға лезде жауап аламыз. Бірақ таяқтың екі ұшы бар... Мысалы, британдықтар Интернеттің біздің қаншама затымызды ұрлағандығын жазып, санап шығыпты. Үңіле қарап, шошып кеткен екен: бұрын маңызды болған, ал қазіргі таңда біздің үйімізге жаңа технологиялардың келуімен құндылығын жоғалтқан 50 сәт.

Интернет біздің әлемді тануымыз бен оны қабылдауымызды өзгертті. Интернеттің көмегімен біз реферат жазамыз, ойнаймыз, фильм көреміз, әуен тыңдаймыз, кітап оқимыз, ақша табамыз және басқа да көптеген қызықты шаруалар атқарамыз. Сондықтан Интернеттің адамдардың арақатынасының жеке ұнатушылық пен махаббат сияқты саласына да енуі заңды болып көрінеді. Көптеген танысу сайттары қалаған кез келген адамға өзіне серік тауып, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

1998 және 2002 жылдары Америкада интернеттің адамдарға, қоғамдарға, өміріне қалай әсер ететіндігі жайлы әлеуметтік зерттеулер жүргізілді. 1998 жылы әлеуметтанушылар интернеттің адамдардың әлеуметтік белсенділігін төмендетіп, олардың оқшаулануға ұмтылуын арттыратындығын анықтады. 2002 жылы интернеттің теріс әсерінің ізсіз жоғалғандығы байқалды.

Қазақстандық Интернеттің негізгі оң әсері Интернет қолданушылары санының тұрақты өсуі болып табылады. 2010 жылдың басында Қазақстандағы Интернет-қолданушылардың саны 4, 7 миллион болды. Он жыл бұрын бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен болатын және 70 мың қолданушыны ғана қамтитын. Цифрлар арасындағы елеулі айырмашылық Қазнеттің Қазақстандағы ақпараттық және технологиялық инфрақұрылымды дамыту сияқты маңызды қырын көрсетеді. Қазіргі таңда ел тұрғындарының 77%-ы Интернетпен қамтамасыз етілген.

«Цифрлы Қазақстан – 2020» Бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы дәстүрлі «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауының заманауи өршіл Қазақстан үшін маңызы зор. Индустрияны, денсаулық сақтау мен білім беру салаларын цифрландыруға ерекше назар аударылады. Бұл – біздің және өскелең ұрпақтың келешегіне сөзсіз әсер ететін біздің заманымыздың шындығы.

Келесі маңызды жетістік ретінде «электрондық үкімет» порталының құрылуын айтуға болады. Жоба электрондық үкімет құру жайлы бірінші бағдарлама 2004 жылы құрылып, дами бастады. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Халқына Жолдауында үкіметтің негізгі міндеттерін анықтап берді – бұл мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру, корпоративтік басқару қағидаларын енгізу. Қазақстан Президенті: «Электрондық үкіметті барлық жерге енгізу азаматтар мен ұйымдарға сапалы мемлекеттік қызметтерге жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті.



Интернет біздің өмірімізге берік түрде ене отырып, өте қысқа уақыт ішінде оған айтарлықтай өзгеріс енгізе алды. Қазіргі таңда Интернет – адамдар арасында қарым-қатынас жасау мен ақпарат алмасудың ең жылдам, сенімді құралы. Интернет ақпаратты жөнелту мен жариялауда теңдессіз мүмкіндіктер ұсына отырып, технологиялық және әлеуметтік төңкерістің жаңа айналымын жасады.

Қосымша

Адамзатқа ғаламтордың пайдасы

Көптеген адамдар, әсіресе ғаламтор қолданушылары, ғаламтордың адамзаттың ең үлкен қолжетістігі екендігімен келісері анық. Ол, қалтқысыз ақпарат көзі болуымен қатар, адамдарға қажет біліммен сусындауға, қиюы келмес мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Әлемдік тордың жан-жақты, білімді, көзқарасымыз кең болып, көптеген қызықты дүниелерді үйренуімізге септігі мол.

Оған қоса, ғаламтордың тағы бір артықшылығы – мемлекеттер мен құрлықтар арасындағы шегараны жойып, адамдарға араларындағы қашықтыққа қарамастан бір-бірімен араласуға, сөйлесуге мүмкіндік беруінде. Тіпті, әлемдік тор арқылы әлемнің екі бұрышындағы адамдар достасып, махаббатырын да тауып жатады.

Танымдық бағдарламаларды көру, жаңа ақпарат алу, білімімізді толықтыру, шетел тілдерін үйрену арқылы ғаламторда уақытымызды тиімді әрі пайдалы өткізе аламыз. Кей адамдар ғаламтор арқылы мамандық алып, жұмысқа орналасып жатады. Бұлардан бөлек, интернетті жолын білгендер табыс көзі ретінде қолдана алады. Соңғы жылдарда дәл осы интернетпен байланысты түрлі мамандықтар пайда болған.

Интернеттің денсаулыққа зияны

Әрине, интернеттің пайдасы мол екендігі даусыз. Алайда оның зияны да аз емес. Интернеттің зиян жайлы сөз болғанды ең бірінші қозғалатын тақырып – интернетке тәуелділік. Ал бұл аңыздан алынған термин емес.

Интернет қолданушыларының 10%-ы интернетке тәуелді екендігі ғылыммен дәлелденген. Тіпті, олардың бірқатары интернетті үй, тағам, су іспетті өмірлік маңызды дүние деп есептейді. Оңтүстік Корея, Қытай және Тайваньда интернетке тәуелділікті ұлттық деңгейдегі мәселе ретінде қарастырады.

Десе де интернеттің зияны тек мұнымен шектелмейді. Компьютер мониторының алдында ұзақ уақыт отырудың өзі көзіміздің көруіне теріс ісер етсе, компьютер алдында дұрыс қалыпта отырмағанның салдарынан қимыл-тірек аппаратымызға зиян келеді.

Адам психикасына кері әсер ететін ақпараттарды да интернеттің зиянды жағына қоса аламыз. Интернет арқылы алаяқтар жеке тұлға жайлы мәлімет алып, оны өз мақсатына қолдануы мүмкін. Сонымен қатар, әлемдік тор арқылы компьютер жүйесіне зақым келтіріп, зиянын тигізетін вирустар тарайды.

Интернет және бала денсаулығы

Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының дәлелдеуінше, бүкіләлемдік интернет желісі жеткіншектерге физикалық, психологиялық жағынан айрықша зиянды. Ең алдымен, баланың көру қабілеті төмендейді, себебі бұлшық еттері қатаймаған жасөспірімнің көздері шаршайды. Сондай-ақ, компьютер алдында көп отыру жас балдырғанның омыртқа сүйегін зақымдайды. Қозғалыссыз отыру, қолмен ғана бірыңғай жұмыс істеу, содан ағзаға салмақ түсуі баланың жүйке қызметін бұзып, мойнына тұз бен суықтың жиналуына (остеохондроз) әсер етеді және де жамбас сүйектің үнемі қозғалыссыз қалуы қабынуы (простатит) мен тоқ ішектегі тамырдың кеңеюі (геморрой) ауруына ұшыратады.



Британдық биологтар арнайы зерттеу жүргізе келіп, мынандай қорытынды жасап отыр: «Әлеуметтік желілерде үнемі отыру ми қызметіне де кері әсер етеді, гормональдық тепе-теңдікті бұзады, иммунитетті нашарлатады, мұның бәрі адамның жүйкесі мен ой-санасына белгілі бір мөлшерде ауыртпалық түсіреді». Өздеріңізге белгілі, жүйкеге салмақ түсуі дегеніңіз – ойлау қабілетінің төмендеуі, көңіл бөлу мен есте сақтаудың кемуі, бас ауруы мен ұйқысыздық, көңіл күйдің құлазуы.

Интернет жеткіншектер үшін реферат, музыка мен фильмдер, суреттер, ойындар көшіріп алу, бір-бірімен хат жазысу үшін қажет. Олар өздерін мазалаған сұраққа да интернеттен жауап іздейді. Алайда интернеттің қаупі де аз емес. Мысалы, ресейлік ғалымдардың айтуынша, бүкіләлемдік шырмауық-торда экстремистік және террористік сипаты бар, қырықтан астам сайт жұмыс істеп тұр. Ал оның жастарымыздың ой-санасы мен дүниетанымын теріс жолға бағыттап, оларды қылмысқа азғыратыны мәлім. Жазғы демалыста жеткіншектердің интернетті пайдалануын зерттегендер айтады: «Биыл жасөспірімдердің 4%-ы жыныстық қатынасты көрсететін әлемдік желілерді көрген, 14,5%-ы беймәлім адамдармен кездесуге келіскен, 19%-ы парносайттарға енген, 38%-ы зорлық-зомбылық туралы ақпараттарды тамашалаған, 16%-ы нәсілшілдік мазмұндағы сайттарға кірген». Мінеки, қазіргі таңда көптеген жеткіншектердің өзіне-өзінің қол жұмсауының бір сыры осында жатқан тәрізді.

Жеткіншіктер үшін интернеттің бір зиянды жағы: мұнда әртүрлі құмар ойындары, зиянды бағдарламалар көп. Алаяқтар мен хакерлер жастарды интернетке тәуелді етіп, бұлыңғыр қарым-қатынас, жыныстық байланыс жасауға шақырып, виртуальды әлемге қызықтырып, ақыл-ойы әлі қалыптаспаған ұл-қыздарымызды еліктіріп, есінен айырады. Әрине, қазіргідей техникалық-ғылыми прогресс дамыған заманда компьютердің, интернеттің дұрыс пайдалана білген адамға пайдасы зор. Ол талас туғызбайтын ақиқат. Тек оған біздің көптеген жастарымыздың таным-түсінігі жетпей жататыны болмаса...

Интернеттің зиянынан сақтандыру

Жастарды интернеттің зиянынан сақтандыру үшін кез келген ата-ана баласына оны пайдаланудың шарттарына ийтіп түсіндіруге, ондағы ақпараттардың үнемі шындыққа жанаспайтынын, оған сын көзімен қарау қажеттігін, ол ақпараттарды кітаптағы, энциклопедиядағы ресми газет-журналдардағы ақпараттармен салыстырып, қабылдау керектігін ескертуге тиіс және де интернеттегі зорлық-зомбылыққа, қылмысқа, жыныстық бұзылуға тәрбиелейтін бағдарламалардан, діншілдік, нәсілшілдік туралы ақпараттардан сақтандыру – ата-аналар мен ұстаздардың да негізгі міндеттерінің бірі. Осы орайда есте болатын бір жағдай, он жасқа дейінгі балалар ата-анасы рұқсат берген сайттарға ғана еруге тиіс. Бұл ақпараттық технологиялар – мамандарының, дәрігерлердің талабы. Ең бастысы, кәмелетке жасы толмаған балалардың электронды поштасына еруге ата-анасының мүмкіндігі болуға тиіс. Ол ең бірінші, сол баланың қауіпсіздігі, бақытты болашағы үшін қажет. Әсіресе, балалар он төрт жасқа толғанында өз-өзімен болып, оқшаулана бастағанында, ата-анасы олардың беймәлім адамдармен интернет арқылы танысуына жол бермеуіне міндетті. Мамандардың ақыл-кеңесіне құлақ ассақ, интернет балаларға қауіпсіз болсын десек, оны үнемі жаңа бағдарламалармен жабдықтап, спам-филтр орнатуымыз, қауіпсіздік туралы ақпараттарды біліп отыруымыз керек. Баламыздың интернеттегі компьютерлік ойындарға тәуелділігін тексеріп, сол бойынша тиісті шаралар қолданып отыруымыз да – ата-аналық парызымыз.

Әрине, интернеттің пайдасы мен зияны да жетерлік. Алайда оның пайдасы басымырақ. Ал егер әр әрекетіңізді ақылға сала отырып жасасаңыз, интернеттің зиянын көрмессіз деген пікірдеміз.